



«Инвест микро ломбард» ЖШС
қатысушылардың жалпы жиналысы

И.Н. Жумағалиев

2025 ж. «02» қыркүйектегі № 02 хаттамамен

БЕКІТІЛГЕН

Микрокредиттер беру қағидалары «Инвест микро ломбард» ЖШС

МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУ ҚАҒИДАЛАРЫ

«Инвест микро ломбард» ЖШС

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 1.1 Осы «Инвест микро ломбард» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі – Ломбард) Микрокредиттер беру қағидалары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес әзірленді.
- 1.2 Осы қағидалар Ломбардта микрокредиттер берудің тәртібін, шарттарын, негізгі қағидаттарын айқындайды.
- 1.3 18 (он сегіз) жасқа толған жеке тұлғалар Ломбардтың қарыз алушылары бола алады.
- 1.4 Ломбард кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес мақсаттарға ақылылық, қайтарымдылық, мерзімділік, қамтамасыз ету шарттарында және Кепіл билетімен айқындалатын басқа да шарттарда микрокредиттер береді.
- 1.5 Терминдер мен анықтамалар:
 - мінсіз іскерлік бедел – өтелмеген немесе алынып тасталмаған соттылығының болмауы, сондай-ақ қаржылық ұйымның, банк және (немесе) сақтандыру холдингінің басшы қызметкері лауазымын атқару және қаржылық ұйымның ірі қатысушысы (ірі акционері) болу құқығынан өмір бойына айыру түріндегі қылмыстық жаза қолдану туралы заңды күшіне енген сот шешімінің болмауы;
 - кепілгер – Ломбард алдында қарыз алушының міндеттемесін толық көлемде борышкермен бірдей орындауға жауапкершілікті өз мойнына алған жеке немесе заңды тұлға, осыған байланысты Ломбард өз қалауы бойынша міндеттемелерді қарыз алушыдан да, кепілгерден де (кепілгерлер бірнеше болған жағдайда – олардың кез келгенінен) талап етуге құқылы, әрі Ломбардтың қалауы бойынша қарызды толық немесе ішінара талап ете алады;
 - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі – КМК қызметтері бойынша заңнамаға сәйкес есептелетін, нақты, жылдық, тиімді, салыстырмалы түрде көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі (нақты құны);
 - шарт – Микрокредит беру туралы Шарт, оның мазмұны мен жасалу тәртібі Қағидалардың 3-бөлімінде айқындалады;
 - кепіл – міндеттемелерді қамтамасыз ету тәсілі, оның негізінде кепіл ұстаушы қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Қазақстан Республикасы заңнамасында көзделген ерекшеліктерді қоспағанда, кепілге қойылған мүліктің құнынан басқа кредиторларға қарағанда басым тәртіппен қанағаттандыру алуға құқылы;
 - қарыз алушы – Ломбардпен микрокредит беру туралы шарт жасасқан жеке немесе заңды тұлға;
 - өтініш беруші (немесе клиент) – Ломбардқа микрокредит алу үшін өтініш берген жеке немесе заңды тұлға;
 - кредиттік досье – Ломбард әрбір қарыз алушы бойынша қалыптастыратын құжаттар мен мәліметтер;
 - Ломбардтың ірі қатысушысы – тікелей немесе жанама түрде микрофинанстық қызметті жүзеге асыратын ұйымның жарғылық капиталындағы немесе дауыс беруші (артықшылықты акцияларды есептемегенде) акцияларындағы он немесе одан да көп пайыз үлеске ие жеке немесе заңды тұлға;
 - микрокредит – Ломбард қарыз алушыға Қазақстан Республикасы ұлттық валютасымен заңнамада, Қағидаларда белгіленген мөлшерде және тәртіппен, ақылылық, мерзімділік және қайтарымдылық шарттарымен беретін ақша;
 - микрофинанстық қызметтер – Ломбардтың микрокредиттер беру жөніндегі қызметі;
 - тұтынушылық микрокредит – жылжымайтын мүлік кепілдігімен қамтамасыз етілмеген, жеке тұлғаға тауарлар, жұмыстар, көрсетілетін қызметтер сатып алуға және (немесе) кәсіпкерлік қызметті жүзеге асырумен байланысты емес өзге де мақсаттарға берілетін микрокредит;

- кредиттік желіні ұсыну (ашу) туралы келісім – қарыз алушыға келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын шартта (шарттарда) немесе өтініште (өтініштерде) немесе төлем карточкасын пайдалану арқылы қарыз алу сомасы мен уақытын өз бетінше айқындауға мүмкіндік беретін талаптармен жасалған келісім;
- уәкілетті орган – қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі мемлекеттік орган.

2. МИКРОКРЕДИТТЕР БЕРУДІҢ ШЕКТІ СОМАЛАРЫ МЕН МЕРЗІМДЕРІ

- 2.1 Ломбард микрокредиттер береді:
- бір қарыз алушыға арналған республикалық бюджет туралы заңмен тиісті қаржы жылына бекітілген айлық есептік көрсеткіштің сегіз мың еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде 12 айға дейінгі мерзімге қоса алғанда;
- 30 күнге дейін 45 АЕК мөлшерінде.
- 2.2 Микрокредиттердің сомалары мен мерзімдерінің лимиттері әрбір өнім бойынша жеке белгіленеді.

3. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ МӨЛШЕРЛЕМЕЛЕРІНІҢ ШЕКТІ ШАМАЛАРЫ

- 3.1. Берілетін микрокредиттер бойынша номиналды сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:
3.1.1. 45 АЕК-ге дейінгі микрокредиттер - күніне берілетін қарыз сомасының 0,2%-нан кем;
3.1.2. 45 АЕК-ден жоғары микрокредиттер-жылдық 36,0% пайыз.
- 3.2. Берілетін микрокредиттер бойынша тиімді сыйақы мөлшерлемелерінің шекті шамалары:
3.2.1. 45 АЕК-ге дейінгі микрокредиттер - жылдық 179 %;
3.2.2. 45 АЕК-ге дейінгі микрокредиттер - жылдық 46 %.
- 3.3. Әрбір кредиттік өнім үшін микрокредит сомасына байланысты әртүрлі сыйақы мөлшерлемелері белгіленеді.

БЕРІЛГЕН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ МЕН ШАРТТАРЫ

- 4.1 Қарыз алушы берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлейді.
- 4.2 Берілген микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы мөлшерлемесі жылдық пайызбен немесе сыйақының мәні мен сыйақының күндік мөлшерлемесімен көрсетіледі.
- 4.3 Микрокредит бойынша сыйақы, микрокредитті пайдаланудың нақты күндерінің санына қарай есептеледі және 360 күнге тең күнтізбелік жыл базасында есептеледі.
- 4.4 Қарыз алушының микрокредитті пайдаланғаны үшін сыйақы төлеуі Кепіл билетіне қоса берілетін өтеу кестесіне сәйкес жүзеге асырылады (45 АЕК-ге дейінгі микрокредитке қатысты емес).
- 4.5 Микрокредитті өтеу кестесі, Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібіне Қосымшаға, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын шарттарға, сараланған төлемдер әдісімен, аннуитеттік төлемдер әдісімен және мерзім соңында микрокредит бойынша берешекті өтеу әдісімен өтеуді есепке ала отырып, микрокредитті өтеу кестесінің нысанына сәйкес жасалады.
- 4.6 Микрокредит бойынша кезекті төлемді (толық немесе ішінара) өтеу мерзімі өткен жағдайда, сыйақы микрокредитті пайдаланудың нақты мерзімі үшін есептеледі, сондай-ақ Кепіл билетінің талаптарына сәйкес мерзімінің өткені үшін тұрақсыздық айыбы (өсімпұл) есептеледі. Ломбард сыйақы және/немесе тұрақсыздық айыбын есептеуді тоқтата тұруға және/немесе Ломбардтың уәкілетті органының шешімі бойынша тұрақсыздық айыбының мөлшерін төмендетуге құқылы;
- 4.7 Қарыз алушымен күнтізбелік 45 күнге дейінгі мерзімге жасалған, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 45 АЕК-тен аспайтын мөлшердегі Кепіл билетінің талаптары келесілерді қамтиды:

- микрокредит сомасын қайтару және (немесе) Кепіл билеті бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері, мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс;
 - микрокредит мәнін қоспағанда, Кепіл билетінде көзделген сыйақы мен тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын қоса алғанда, Кепіл билеті бойынша барлық төлемдер жиынтығы, Кепіл билеті қолданысының бүкіл кезеңі үшін берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауы қажет;
 - тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда, Шарттың қолданылу мерзімін күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұлғайтуға жол беріледі;
- 4.8 Қарыз алушымен жасалған кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес Кепіл билеті бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 45 АЕК-тен асатын, сондай-ақ мемлекеттік бюджетті талап ететін кепіл мүлкімен қамтамасыз етілген микрокредит сомасы тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері, 90 (тоқсан) күн ішінде мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,5 пайызынан аспауы тиіс, мерзімі өткен тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен әрбір күн үшін мерзімі өткен төлем сомасының 0,03 пайызынан аспауы тиіс, алайда микрокредит беру туралы шарт қолданылған әрбір жыл үшін берілген микрокредит сомасының 10 (он) пайызынан аспауы тиіс.
- 4.9 Қарыз алушы микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға құқылы, бұл ретте Ломбард микрокредитті Қарыз алушыға мерзімінен бұрын қайтарғаны үшін айыппұл санкциялары қолданбайды.
- 4.10 Егер жеке тұлғамен жасалған Кепіл билеті бойынша Қарыз алушы жүргізген төлем сомасы, Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемесін орындау үшін жеткіліксіз болса, қарыз алушының берешегі төмендегі кезектілікпен өтеледі:
- 1) Ломбардтың Қарыз алушының берешегін мәжбүрлі түрде соттан тыс және сот тәртібімен өндіріп алу жөніндегі шығыстары;
 - 2) Кепіл билетімен айқындалған мөлшердегі тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);
 - 3) сыйақы бойынша берешек;
 - 4) негізгі борыш бойынша берешек.
- 4.11 Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне түсетін болса, Қарыз алушы негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлеместен, одан кейінгі жұмыс күні төлейді.
- 4.12 Қолданыстағы немесе жақсартатын шарттарда тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру мерзімін ұзартуға рұқсат беріледі.

5. ЛОМБАРД ҚАБЫЛДАЙТЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

- 5.1 Қарыз алушының Кепіл билеті бойынша міндеттемелерін орындауы жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүліктің кепілімен қамтамасыз етілетін болады.
- 5.2 Қарыз алушының өзі ғана Кепіл беруші бола алады.
- 5.3 Ломбард қарызды қамтамасыз ету ретінде төмендегідей кепіл мүлкін қабылдауға құқылы:
- 1) зергерлік бұйымдар және бағалы металдардың сынықтары;
 - 2) автокөлік құралдары, арнайы техника.
- 5.4 Ломбардқа кепілге алуға рұқсат берілмейді:
- 1) жылжымайтын мүлік;
 - 2) айналымнан алынған және айналымда шектелген заттар;
 - 3) тыйым салынған мүлік;
 - 4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлік;
 - 5) кепіл берушінің меншігіне болашақта түсетін мүлік;
 - 6) тері және басқа да бағалы киімдерді қоспағанда, пайдаланымдағы киім, аяқ киім, іш киім, төсек-орын жабдықтары, ас үй және асхана ыдыстары, асхана сервиздері, бағалы металдардан жасалған, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттар;
 - 7) балалар керек-жарақтары;

- 8) мүгедектердің жүріп-тұруына, техникалық көмекші (компенсаторлық) құралдарға және мүгедектердің жүріп-тұруының арнайы құралдарына арнайы арналған көлік құралдары;
 - 9) халықаралық және мемлекеттік сыйлықтар, мемлекеттік ордендер, медальдар және Қазақстан Республикасының құрметті атақтары төсбелгілері;
 - 10) зергерлік бұйымдардың сынықтары ретінде зергерлік бұйымдардың тұтас және жиынтықтары.
- 5.5 Мүлікті (зергерлік бұйымды) өлшеу, сапасын анықтау, бағалау жөніндегі операциялар өтініш берушінің/Қарыз алушының (кепіл берушінің) қатысуымен жүргізіледі. Зергерлік бұйымдардың металл сынамаларын талдау химиялық реактивтерді пайдалана отырып, арамен кесуді жүзеге асыра отырып жүргізіледі, өтініш беруші/Қарыз алушы (кепіл беруші) арамен кесуден және сынамалаудан бас тартқан жағдайда, зергерлік бұйымдар Ломбардтың қабылдауына жатпайды. Ломбардтың техникалық мүмкіндіктері болған жағдайда, зергерлік бұйымдардың сынамаларын талдау химиялық реактивтерді (баламалы әдіс) пайдаланбай арнайы аспаптарды пайдалана отырып жүзеге асырылуы ықтимал. Алайда, кез келген жағдайда, өтініш беруші/қарыз алушы (кепіл беруші) талап етуге құқылы емес, ал Ломбард баламалы әдісті зергерлік бұйымдардың металл сынамаларын анықтау және талдау үшін негізгі әдіс ретінде қолдануға міндетті емес.
 - 5.6 Зергерлік бұйымдардағы тастарды қоса алғанда, кіріктірмелер алынбайды, ал олардың салмағы металдың таза салмағын анықтау үшін зергерлік бұйымның жалпы салмағынан шегеріледі.
 - 5.7 Егер Ломбардтың уәкілетті органының шешімінде өзгесі көзделмесе, жылжымалы мүлік (арнайы техника/автокөлік басқару құқығынсыз) қамтамасыз етудің нарықтық құнының 80%-ы ретінде максималды қабылданатын болады.
 - 5.8 Егер Ломбардтың уәкілетті органының шешімінде өзгесі көзделмесе, жылжымалы мүлік (арнайы техника/автокөлік басқару құқығымен) қамтамасыз етудің нарықтық құнының 50%-ы ретінде максималды қабылданатын болады.
 - 5.9 Кепілге берілетін мүлікке меншік құқығы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгіленген тәртіппен ресімделуі қажет.
 - 5.10 Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, мемлекеттік тіркеуге жататын мүліктің кепілі, осы мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын органда тіркелуі тиіс.
 - 5.11 Кепіл мүлкін бағалауды Ломбардтың атқарушы органының актісімен бекітілген белгіленген бағалар бойынша, Ломбардтың сарапшы-бағалаушы-кассирі жүзеге асырады.
 - 5.12 Ломбард кепілге қойылған мүлікті пайдалануға және оған билік етуге құқылы емес.
 - 5.13 Зергерлік бұйымдар кепілдігімен берілген микрокредиттер бойынша кепілдік мерзімі көзделген. Кепілдік мерзімі – Ломбард кепіл мүлкін өткізу құқығын қолданбай, микрокредит сомасын өтеу мерзімі өткеннен кейін, кепіл мүлкін Ломбардта сақтауды жүзеге асыруға міндеттенетін уақыт кезеңі. Кепілдік мерзімі 30 (отыз) күнтізбелік күнді құрайды. Кепілдік мерзімі өткеннен кейін және микрокредитті қайтару және сыйақы, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) төлеу жөніндегі міндеттемелердің орындалуы болмаған жағдайда, Ломбард соттан тыс тәртіппен сауда-саттық өткізу жолымен не сауда-саттық өткізбей Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен кепілге салынған мүлікті өткізуді жүзеге асыруға құқылы.
 - 5.14 Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қоя отырып, ломбардтың кепіл мүлкін соттан тыс сатуына өз келісімін береді.

6. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТӘРТІБІ

- 6.1 Өтініш беруші Ломбард бөлімшесіне сарапшы-бағалаушы-кассирге микрокредит беру туралы өтінішпен жүгінеді.
- 6.2 Сарапшы-бағалаушы-кассир өтініш берушіні Микрокредиттер беру қағидаларымен, Ломбардтың микрокредиттік өнімдерінің шарттарымен таныстыруы тиіс.
- 6.3 Сарапшы-бағалаушы-кассир микрокредитті алуға, қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты толық және шынайы ақпарат беруі тиіс.
- 6.4 Жеке тұлғамен Кепіл билетін жасасқанға дейін Ломбард микрокредит алуға өтініш жасау тәсіліне қарамастан жеке тұлғаны жылдық пайызбен сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері,

жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері (микрокредиттің нақты құны), микрокредит бойынша артық төлем сомасы туралы хабардар етеді, сондай-ақ осы шарт бойынша қарыз алушының кредиттік досьесіне қоса тіркелетін, ұйым жүзеге асырған іс-шаралардың тізбесін міндетті түрде тіркей отырып, «Микроқаржы қызметі туралы» Заңның 7-бабы 2-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген іс-шараларды жүзеге асырады.

- 6.5 Өтініш беруші Ломбардқа Кепіл билетіне қол қою үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынады.
- 6.6 Сарапшы-бағалаушы-кассир өтініш берушіге микрокредит беруден бас тартуға және/немесе соманы өзгертуге құқылы.
- 6.7 Өтініш беруші микрокредит (Кепіл билеті) беру туралы шарт жасасудан бас тартуға құқылы.
- 6.8 Өтініш беруші микрокредиттің нақты түрін алуға мүдделі болған жағдайда, сарапшы-бағалаушы-кассир өтініш берушінің микрокредит беру мүмкіндігі туралы мәселені шешу үшін ресімдеуі және ұсынуы үшін қажетті құжаттардың тізбесін ұсынады.
- 6.9 Сарапшы-бағалаушы-кассир кепіл ретінде ұсынылатын мүлікті қарап-тексеруді және бағалауды жүргізеді.
- 6.10 Ломбард міндетті:
 - 1) микрокредитті өтеу әдісімен танысу және таңдау үшін, өтініш берушіге Кепіл билетіне қол қойылғанға дейін әртүрлі әдістермен есептелген өтеу кестелерінің жобаларын ұсынуға міндетті. Қарыз алушыға микрокредит беру туралы шартта белгіленген кезеңділікпен уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде белгіленген осындай микрокредиттер бойынша сыйақыны есептеу үшін жеке тұлғаларға микроқаржы ұйымдары беретін микрокредиттер бойынша тұрақты төлемдерді есептеу әдістемелеріне және уақытша базаларға сәйкес есептелген микрокредитті өтеу кестелерінің жобалары, өтеудің келесі әдістері міндетті түрде ұсынуы:
 - микрокредит бойынша берешекті өтеу, негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын төмендетілген төлемдермен жүзеге асырылатын сараланған төлемдер әдісімен;
 - аннуитеттік төлемдер әдісімен, бұл ретте микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төмендетілген төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша азайтылатын төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылады. Бірінші және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы ықтимал.
 - мерзім соңында микрокредит бойынша берешекті өтеу әдісімен.
 - Бұл тармақшаның сомасы 45 (қырық бес) айлық есептік көрсеткіштен аспайтын микрокредиттерге қатысы жоқ.
 - 2) қарыз алушыны (өтініш берушіні) оның микрокредит алуға байланысты құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ Кепіл билеті бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайдағы орын алуы мүмкін ықтимал салдары туралы хабардар етуге міндетті.

7. МИКРОКРЕДИТТІ ӨТЕУ ӘДІСТЕРІ

- 7.1 Сараланған төлемдер әдісі:

микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша төлемдердің тең сомаларын және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақыны қамтитын азайтылатын төлемдермен жүзеге асырылатын әдіс;
- 7.2 Аннуитеттік төлем әдісі:

микрокредит бойынша берешекті өтеу негізгі борыш бойынша ұлғаятын төлемдерді және негізгі борыштың қалдығына кезең ішінде есептелген сыйақы бойынша төмендейтін төлемдерді қамтитын микрокредиттің бүкіл мерзімі ішінде тең төлемдермен жүзеге асырылатын әдіс. Алғашқы және соңғы төлемдердің мөлшері басқалардан өзгеше болуы мүмкін.
- 7.3 Берешекті мерзім соңында өтеу әдісі:

микрокредит бойынша берешекті өтеу мерзімнің соңында жүзеге асырылатын әдіс.

8. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ТУРАЛЫ ШАРТ ЖАСАСУ ТӘРТІБІ

- 8.1 Кепіл билеті Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының мәміленің жазбаша нысанына қойылатын талаптарын есепке ала отырып жасалады.
- 8.2 Микрокредит беру www.auto-lombard-plus.kz ресми сайтында орналастырылған, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2019 ж. №232 «Микрокредит беру туралы шарт жасасу тәртібін, оның ішінде микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне, міндетті талаптарына қойылатын талаптарды, микрокредитті өтеу кестесінің нысанын бекіту туралы» қаулысымен белгіленген міндетті шарттар тізбесі бар 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес Ломбардта микрокредит беру туралы және заттардың кепілі туралы шарттың (Қосылу шарты) стандартты талаптарына қосылу туралы өтініш болып табылатын Кепіл билетіне қол қою арқылы жазбаша нысанда ресімделеді.
- 8.3 Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген 1000 (мың) АЕК-ке тең немесе одан жоғары сомаға тіркелуі тиіс мүлікті кепілмен қамтамасыз етілмеген микрокредитті беру барысында, қарыз алушы Ломбард пен Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген нысан бойынша және тәртіппен жұбайының (зайыбының) микрокредит беруге жазбаша келісімін береді.
- 8.4 Ломбард Кепіл билетіне қол қойылғаннан және қарыз алушы алған микрокредит бойынша міндеттемелерді қамтамасыз етуді тиісінше ресімдегеннен кейін, қарыз алушыға Кепіл билетінде көрсетілген микрокредит сомасын Ломбард кассасында толық мөлшерде немесе Кепіл билетінің талаптарына сәйкес қарыз алушының банктік шотына микрокредит сомасын аудару жолымен береді.
- 8.5 Микрокредит берілген күн қарыз алушының Ломбард кассасында, микрокредит сомасын алған күні не микрокредит сомасын қарыз алушының банктік шотына аударған күні болып есептеледі.
- 8.6 Кепіл мүлкіне салынған ауыртпалық мемлекеттік тіркеуге жататын жағдайларда, қарыз алушы мұндай ауыртпалықты мемлекеттік тіркеуші органдарда тіркеуі тиіс болып табылады.
- 8.7 Кепіл билеті жазбаша нысанда екі данада, әрбір тарап үшін бір-бірден, мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалынады.

9. БЕРІЛЕТІН МИКРОКРЕДИТТЕР БОЙЫНША СЫЙАҚЫНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ТИІМДІ МӨЛШЕРЛЕМЕСІН ЕСЕПТЕУ ҚАҒИДАЛАРЫ

- 9.1 Сыйақыны қамтитын қарыз алушының шығыстары есепке алына отырып есептелетін микрокредит бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеудегі сыйақы мөлшерлемесі жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі болып табылады және болған жағдайда - мөлшері мен төлеу мерзімі микрокредит беру туралы шарт жасасу сәтінде белгілі болған, микрокредитті алуға, пайдалануға және өтеуге (қайтаруға) байланысты өзге де төлемдер;
- 9.2 Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісінде айқындалған шекті мөлшерден аспауы қажет.
- 9.3 Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу қағидаларын уәкілетті орган әзірлейді және бекітетін болады.
- 9.4 Берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^n \frac{S_j}{(1 + APR)^{t_j/365}} = \sum_{i=1}^m \frac{P_i}{(1 + APR)^{t_i/365}}$$

мұнда:

n - қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j - қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

Sj - қарыз алушыға j-ші төлем сомасы;

APR - жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

tj - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушыға j-ші төлем сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен);

m - қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i - қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

Pi - қарыз алушының i-ші төлемінің сомасы;

ti - микрокредит берілген күннен бастап қарыз алушының i-ші төлемі сәтіне дейінгі уақыт кезеңі (күндермен).

- 9.5 Егер сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін есептеу кезінде алынған санның мәні бір ондық белгіден көп болса, ол былайша ондық бөлшекке дейін дөңгелектенуге тиіс:
1) егер жүздік бөлшек 5-тен көп немесе тең болса, ондық бөлшек 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады;
2) егер жүздік бөлшек 5-тен аз болса, ондық бөлшек өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық белгілер алып тасталады.
- 9.6 Микрокредит бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің есебіне қарыз алушының оның микрокредит беру туралы шарттың негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу бойынша талаптарын сақтамауынан туындаған төлемдерін (айыппұлды, өсімпұлды) қоспағанда, қарыз алушының барлық төлемі кіреді.
- 9.7 Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімін өзгертуге алып келетін Кепіл билетінің шарттары өзгерген жағдайда, жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің нақтыланған мәнін есептеу, қарыз алушы микрокредит беру туралы шарттың қолданылуы мерзімі басынан бастап жүргізген төлемдерді есепке алмағанда, шарттар өзгерген күндегі берешектің қалдығы, микрокредитті өтеудің қалған мерзімі негізге алына отырып жүргізіледі.
- 9.8 Микрокредит бойынша сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесінің мөлшері уәкілетті органның [нормативтік құқықтық актісіне](#) айқындалған шекті мөлшерден аспауы қажет.

10. МИКРОКРЕДИТ БЕРУ ҚҰПИЯСЫ

- 10.1 Микрокредит беру құпиясы қарыз алушылар туралы, микрокредиттердің мөлшері туралы, қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары туралы және Ломбард операциялары жайындағы мәліметтерді қамтиды (осы Қағидаларды қоспағанда).
- 10.2 Тарату процесінде жағдайындағы Ломбардтың Кепіл билеттері туралы мәліметтер микрокредит беру құпиясына жатпайды. Ломбард микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.
- 10.3 Ломбард микрокредит беру құпиясына кепілдік береді.
- 10.4 Микрокредит беру құпиясы қарыз алушыға, кез келген үшінші тұлғаға, оның Ломбардта жеке өзі болған сәтіндегі Кепіл билетінде көзделген қарыз алушының жазбаша келісімі негізінде, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес берілген микрокредиттер бойынша кредиттік бюроға, сондай-ақ «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 21-бабының 4, 5, 5-1 және 6-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ғана ашылуы мүмкін.
- 10.5 Қарыз алушылар, микрокредиттердің мөлшері, қарыз алушыға қатысты микрокредит беру туралы шарттың өзге де талаптары, Ломбард жүргізетін операциялар туралы мәліметтер келесілерге беріледі:

- қылмыстық қудалау функциясын жүзеге асыратын мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдарға: олар жүргізіп жатқан қылмыстық істер бойынша мөрмен расталған және прокурор санкция берген жазбаша сұрау салу негізінде;
- прокурордың санкциясымен Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдарына және Мемлекеттік күзет қызметіне: барлау және (немесе) нұқсан келтіру акцияларының алдын алу, оларды әшкерелеу және жолын кесу үшін қажетті ақпаратты беру туралы олардың талап етуі бойынша;
- соттарға: олар жүргізіп жатқан істер бойынша соттың ұйғарымы, қаулысы, шешімі және үкімі негізінде;
- мемлекеттік және жеке сот орындаушыларына: олар жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының мөрімен немесе жеке сот орындаушысының мөрімен расталған, сот орындаушысының прокурор санкциялаған қаулысы негізінде; салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;
- прокурорға: оның құзыреті шегінде өзінің қарауында жатқан материал бойынша тексеру ісін жүргізу туралы қаулы негізінде; Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған адамдарға қатысты оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға, банкроттықты басқарушыға;
- салықтық әкімшілендіру мақсатында ғана мемлекеттік кіріс органдарына: тексерілетін тұлғаға салық салуға байланысты мәселелер бойынша нұсқама негізінде;
- қарыз алушының өкілдеріне: сенімхат негізінде, жеке тұлға болып табылатын қарыз алушы бойынша нотариат куәландырған сенімхат негізінде;
- оңалту және банкроттық саласындағы уәкілетті органға: өзі жөнінде соттың банкрот деп тану туралы заңды күшіне енген шешімі бар тұлғаға қатысты, банкроттық және (немесе) оңалту туралы іс қозғалғанға дейін бес жыл ішіндегі кезең үшін прокурордың санкциясымен.

10.6 Қарыз алушы, микрокредит мөлшері туралы, микрокредит беру туралы шарттың қарыз алушыға қатысты өзге де талаптары жөніндегі мәліметтер қарыз алушы қайтыс болған жағдайда, «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 21-бабының 4-тармағында көзделген тұлғалардан басқа, жазбаша сұрау салу негізінде:

- қарыз алушы өсиетте көрсеткен тұлғаларға;
- нотариустарға: нотариустың мөрімен расталған жазбаша сұрау салуы негізінде олардың өндірісіндегі мұрагерлік істер бойынша. Нотариустың жазбаша сұрау салуына қайтыс болу туралы куәліктің көшірмесі қоса берілуі тиіс;
- шетелдік консулдық мекемелерге: олар жүргізіп жатқан мұрагерлік істер бойынша беріледі.

Микрокредит беру құпиясы микроқаржы омбудсманына өзінің қарауында жатқан, қарыз алушы-жеке тұлғалардың микрокредит беру туралы, оның ішінде құқықтар (талаптар) осы «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1-бабының 4-тармағында және 5-тармағының бірінші бөлігінде аталған тұлғаға берілген шарттан туындайтын келіспеушіліктерді реттеу жөніндегі жолданымдары бойынша ашылуы мүмкін.

10.7 Микрокредит беру құпиясын ашу болып табылмайды:

- Ломбардтың кредиттік бюроларға теріс ақпарат беруі және кредиттік бюролардың мерзімі өткен берешек бөлігінде кредиттік тарих субъектісі туралы теріс ақпарат беруі;
- Ломбардтың негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша мерзімі өткен берешегі бар микрокредитке байланысты ақпаратты «Микроқаржылық қызмет туралы» Заңның 9-1-бабының 4 және 5-тармақтарында көрсетілген тұлғаларға ұсынуы;
- Ломбардтың микрокредиттер бойынша төлемдерді банктердің және/немесе төлем жүйелерінің көмегімен қабылдауды жүзеге асыру үшін, Қарыз алушының келісімімен оларға Кепіл билетіне қол қою арқылы берген ақпаратты, Ломбардпен жасалған шарттар негізінде әрекет ететін үшінші тұлғаларға ұсынуы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен уәкілетті орган арасында ақпарат, оның ішінде микрокредит беру құпиясын құрайтын мәліметтер алмасуы;
- мемлекеттік органның лауазымды адамының немесе Ломбардта басқарушылық функцияларды орындайтын адамның қылмыстық қудалау органына қылмыстық құқық

бұзушылық туралы хабар жіберілген кезде растау құжаттары мен материалдары ретінде микрокредит беру құпиясын қамтитын құжаттар мен мәліметтерді ұсынуы.

11. МИКРОКРЕДИТ БЕРУДІҢ ӨЗГЕ ДЕ ШАРТТАРЫ

- 11.1 Өтініш берушінің микрокредиттер беру туралы ауызша өтінішін қарау үшін оның құжаттарын жинау бойынша алдын ала консультация және одан арғы жұмыс, Ломбардты микрокредиттер беруге міндеттемейді.
- 11.2 Ломбард өтініш берушіге себептері түсіндірілместен микрокредит беруден бас тартуға құқылы.
- 11.3 Оң шешім қабылданған жағдайда, микрокредит беру барлық тиісті ресімделген құжаттар ұсынылғаннан кейін жүзеге асырылады.
- 11.4 Кредиттер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында теңгемен, қолма-қол ақшамен, сондай-ақ қолма-қол ақшасыз тәртіппен микрокредит беру туралы шарт негізінде қарыз алушының шотына ақша қаражатын аудару жолымен беріледі.
- 11.5 Микрокредитті өтеу Кепіл билетінің кестесіне сәйкес төлемдермен, Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы теңгемен ғана жүргізіледі.

12. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

- 12.1. Осы Қағидалар коммерциялық құпияны және құпия ақпаратты құрайтын мәліметтерге жатпайды.
- 12.2. Осы Қағидалардың көшірмесі көруге және танысуға қолжетімді жерде орналастырылуы қажет.